«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Сейдамат Әсел Қазбекқызының «Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысы;
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Диссертанттың стандарт сөзқолданыстарды әдеби тілдің бір нормаланған бағыты деп көрсетуі – ғылымға қосқан теориялық елеулі үлесі. Оның

		ашылған/ашылмаған.	маңыздылығы мерзімді баспасөз тіліндегі жаңа сөзқолданыстардың ұлттық тілді дамытуы негізінде ашылған. Мерзімді баспасөз тілінің лексикасы стильаралық лексикаға жататындығын да ашып көрсеткен. Стандарт сөзқолданыстардың штамп, клише, стереотип секілді түрлерін туындататын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың маңыздылығын ашып көрсеткен. Стандарт сөзқолданыстарын қалыптастыру, жасау, тұрақтандыру барысында қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінің мол екендігін айқындауда қазақ ғылымына қосылған ерекше үлесін атап өтуімізге болады. Елтұтқа, Мәңгілік ел, Рухани жаңғыру, жаңа Қазақстан, әділетті Қазақстан, естуші қоғам, толық адам секілді ұлттық тіл элементтері негізінде қалыптасқан тілдік бірліктердің қазақ қоғамына әсер ете алуын да ашып көрсеткен. Қазақ тілінің қорындағы аялық білім негізінде қалыптасқан тілдік бірліктер мен оралымдардың да жазба коммуникациядағы орны мен жаңашылдығын көрсеткен. Сөзойнатым деңгейіндегі ұлттық тілге тән лингвокогнитивтік сөзқолданыстарды тауып, ғылыми айналымға қосуының жаңашылдығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып

			табылады (12-13 беттерде).
«»»»» »»»»»"4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (6-8-беттер). Зерттеудің өзектілігі қазақ жазба коммуникациясында стандарт тілдің қолдану деңгейі мен тілдік қолданыстардың әсерлілік сипатын зерттеумен байланыстырылған. Қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіне қазақ қоғамының бүгінгі дамуындағы жаңа сападағы саяси, идеологиялық, әлеуметтік-мәдени өзгерістерді оқырмандарға ақиқат шындыққа сәйкес жеткізіп, санасына қозғау салу айрықша міндеті жүктелгендігімен, соған сәйкес сөзқолданыс пен оның әсерін зерттеудің өзектілігімен; мемлекеттік тіл стратегиясын жүзеге асыру бағыттары тұрғысынан қазіргі мерзімді баспасөзде ұлттық болмыстың негізіндегі ұлттық ойлау жүйесіне тән қазақ сөз байлығының қайта оралу үрдістері мен үдерістерін зерттеудің өзектілігімен; қазақ әдеби тілінің сөздік құрамының жаңару және жаңғыру үдерістерін зерттеудің өзектілігімен; мерзімді баспасөздің тілдік-стильдік ерекшеліктерінің жаңа сапада жетілгенін көрсете алудың өзектілігімен; соңғы онжылдықтағы қазақ әдеби тілінің даму динамикасын стандартты сөзқолданыс пен оның эмоционалдық сипатын зерттеудің өзектілігімен, қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилін танытатын, ақпарат беру және ықпал ету функциясы үшін өзара тығыз сабақтастықта қолданылатын тілдік бірліктерді – стандартталған тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын сөзқолданыстарды біртұтастықта зерттеудің

			өзектілігімен негіздеп берген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация таақырыбының мәнін толық ашады және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (12-13-беттер). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны қазақ жазба коммуникациясындағы сөзқолданыс пен оның әсер ету жайын ашып көрсетуге бағытталған. Алғашқы бөлімінде қазақ жазба коммуникциясының тарихы мен ондағы сөз қолданыстарының ұлттық тілімізге қосқан үлесі, сонымен қатар сол кезеңдегі қоғам мүшелерінің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, мәдени жай-күйді қабылдауларына әсерін қарастырған. Екінші тарауда қазіргі қазақ баспасөзінің тілі мен стилінің тұтастығын қамтамасыз ететін сөзқолданыс деген термин аясында қарастырылатын құбылыстың мәнін, сонымен қатар аталым ретінде лингвистикалық сипаты мен қызметін нақтылаған; диссертация тақырыбына сәйкес стандартты сөзқолданыстың штамп, клише, стереотип секілді түрлеріне де сипаттама беріп, бұндай категориялардың туындауына әсер ететін факторлар сараланған. Қазақ сөзінің сөзжасау мүмкіндіктері қарастырылған. Үшінші тарауында тілдің әсер ету әлеуетінің (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) жазба коммуникациядағы мүмкіндіктері қарастырылған. қазіргі қазақ баспасөзіндегі лингвокреативті сөзқолданыстардың оқырманға ықпал ету мүмкіндіктері анықталған.

		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – соңғы онжылдықтағы қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилінің негізгі стильдік белгілерін танытатын тілдік бірліктерді жинақтау нәтижесінде стандартты (клише, стереотип, штамп) және сөз әсерлілігін тудыратын тілдік бірліктердің (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) өзара ықпалдасатын стильдік қызметін біртұтастықта қарастыру арқылы қазіргі қазақ мерзімді баспасөзі тілі мен стилінің лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі орны мен маңызын айқындаған. Осыған сәйкес зерттеудің ғылыми болжамын жасаған. Әлемдік және отандық филологиялық зерттеулердің мақсатын саралап, жаңа және қалыптасқан сөзқолданыстар мен олардың әсер ету басымдықтарын салыстырған. – қазақ тілтанымындағы мерзімді баспасөз тілі мен стилінің қалыптасу, даму, жетілуіне қатысты тұжырымдарға толық шолу жасай отырып, соңғы онжылдықтағы мерзімді баспасөз тілі мен стилінің бүгінгі қоғамның лингвомәдени және коммуникативтік кеңістігіндегі рөлі мен маңызын көрсеткен; – қазіргі қазақ баспасөзі тілі мен стилінің тұтастығын қамтамасыз ететін сөзқолданыстың категориялды аталым ретінде лингвистикалық сипаты мен қызметін нақтылаған; – лингвистикалық категориялар жүйесіндегі стандартты тілдік бірліктердің (штамп, клише, стереотип) пайда болуына әсер ететін сыртқы және ішкі лингвистикалық түрткіжайттарды айқындаған; – соңғы онжылдықтағы қазақ мерзімді

			баспасөзіндегі стандартты және әсерлілік тудыратын тілдік бірліктердің өзара ықпалдасу үдерістерінің себептерін анықтаған; – сөз әсерлілігіне қол жеткізетін тілдің әлеуетті мүмкіндіктері (теңеу, перифраз, фоникалық құрылымдар, лексикалық қабаттардың образды-коннотаттық қызметі) соңғы онжылдықтардағы қазақ мерзімді баспасөзінің ықпал ету функциясының пәрменді құралы екендігін дәлелдеген; – қазіргі қазақ баспасөзіндегі лингвокреативті сөзқолданыс үлгілерін жинақтап, олардың әсер ету қызметін, оқырманға ықпал ету мүмкіндіктерін анықтаған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеті диссертация тақырыбына сәйкес келеді әрі жұмысты жазу барысында зерттеуші мақсат-міндетіне толық қол жеткізген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші бөлімде қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилін ұлттық тілді дамытудағы рөлімен байланыстыра қарастырған. Сонымен қатар жазба коммуникацияның лингвомәдени және коммуникативті кеңістіктегі орнын тіл арқылы белгілеген. Мерзімді баспасөз тілінің зерттелуіне жалпы шолу жасаған. Екінші бөлімде мерзімді баспасөз беттеріндегі стандарт сөзқолданыстарды қарастырған. Стандарт сөз қолданыстары мен әдіби тіл категориясын терминдік және мазмұндық тұрғыдан саралаған. Сонымен қатар стандарт сөзқолданыстар штамп,

			клише, стереотиптерді туындататын лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды жүйелеп, оларды қалыптастырудың ішкі мүмкіндіктерін анықтаған. Үшінші бөлімде мерзімді баспасөз тіліндегі сөздердің әсер етуінің лингвистикалық алғышарттары, прагматикасы, әсерлілікті тудыратын тілдік құралдардың қызметі, сөзойнату арқылы әсер ету жолдары, соған сәйкес прагматиканың жүзеге асырылуы қарастырылған. Осылайша диссертацияның барлық бөлімдері бір-бірімен байланысты, теориялық бірізділік сақталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдаулар бар. Сейдаматова Әсел Қазбекқызы ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар, әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыдан талдаулар жасалған. «Әдеби тіл нормалары – тілдік бірліктердің бір қалыпқа түсірілуі, жүйелі, тұрақты, ретті болуы; тілдің барлық таралу аймағындағы тіл иелері дұрыс деп бағалаған, тілдің орнықтырылған амал-тәсілдері мен тәртібі. Осыған байланысты ғылымда, әсіресе, бір қалыпқа түскен сипаттамасына сәйкес *әдеби тіл* мен *стандарт тіл / стандартталған тіл* терминдері теңбе-тең категория ретінде аталады. Сөз жоқ, терминнің дефициясы тұрғысынан олардың ортақ белгілері бар екендігі даусыз» (50-бетте) дей келе, ««әдеби тіл» мен «стандарт тілді» толықтай синоним ұғымдар ретінде тану / ажырату үшін әлі де қарастырылуы қажет» (52-бетте) деген пікірі өзіндік тұжырымын байқатады. Бұған қоса, «әдеби тіл

			нормаларына айналғанға дейін тілдік бірлік стандартталу сатыларынан өтеді. Стандартталу – әдеби тілдің бір сипаты» (56-бетте) деген өзіндік сыни талдаулары диссертанттың зерттеудегі жеке көзқарастарын білдіреді. Ғылыми ізденіс нәтижесінде қол жеткізген ғылыми-теориялық тұжырымдар қазақ тіл білімі теориясының сөзқолданыс, әдеби тіл, лексикология, сөзжасам, күрделі бірліктер салаларын теориялық тұрғыдан одан әрі байыта түседі.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу барысында өзіндік талдаулар жасап, тың тұжырымдар ұсынған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеуде алынған қорытындылар толығымен жаңа.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу барысында басты дереккөз ретінде соңғы он жылдағы мерзімді баспасөз тіліндегі сөзқолданыстар, оның ішінде стандартты сөзқолданыстар алынған. Қазіргі мерзімді баспасөзде кездескен *Ғылым ордасы, өнер ордасы, Ақорда, Елорда* деген тілдік бірліктердің стандарттылығы мен әсерлілігіне талдау жасалған. Стандартты қолданыстарды жинап, олардың қалыпты және терминдік деңгейлеріне талдау жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін	- қазақ мерзімді баспасөзі – қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтарын, ұлттық дүниетанымын, ұлттық менталитеті мен жадын танытатын тілдік бірліктерді – сөзқолданыстарды кеңінен пайдалану арқылы мемлекеттік тіл стратегияларының басым бағыттарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратын жазба коммуникацияның маңызды тармағы екендігі дәлелденген; - қазіргі қазақ мерзімді баспасөзінің тілі мен стилі – қазіргі қазақ әдеби тілінің жазба коммуникациядағы синхронды дамуына тән үдерістерді танытатын *лингвомәдени әрі коммуникативтік кеңістік екендігі дәлелденген;* - сөзқолданыс – мерзімді баспасөздің ақпарат беру және ықпал ету функциялары үшін пайдаланылатын стандартты тілдік бірліктер мен сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктердің өзара байланыста, стильдік мақсатта жұмсалымы екені дәлелденген. - стандартты сөзқолданыс – ғылыми, ресми-іскери және мерзімді баспасөздің тіліне тән маңызды

		емес.	стильдік белгі. Тұрақтала бастаған тіркестер мен стандартты сөзқолданыс – функционалдық қызметі жетілген әдеби тілдің бір сипаты екендігі анықталған. - мерзімді баспасөз тілінде ықпал ету функциясына сәйкес іріктелген, бастапқыда әсерлілік қуаты бар сөзқолданыстар орталық, аймақтық, өңірлік басылымдарда жоғары жиілікпен қолданылуы нәтижесінде стереотип → клише сатыларынан өтеді. Сөйтіп, әдеби тілдің сөздік құрамының стандартталған тілдік бірліктермен толығуына ықпал жасайтындығы дәлелденген. - тілдің әлеуетті мүмкіндіктерінің игерілу мақсаты – әлемдегі және елдегі оқиғалар мен үдерістерге қоғам мүшелерінің саналы көзқарасын ақиқат шындыққа сәйкес қалыптастыру, оқырманның санасы мен сезіміне қозғау салу екендігі дәлелденген.
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың тарауларында нақты сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеу нысанасына қатысты ғылыми тұжырымдарды жинақтау, жүйелеу, жіктеу әдістері; қазіргі қазақ мерзімді баспасөзіндегі стандартты және сөз әсерлілігін туғызатын тілдік бірліктерге – сөзқолданыстарға жан-жақты талдау жүргізуде *кешенді-стилистикалық әдіс*; тілдік бірліктердің қолданылу уәждемесін, идеялық-образды деңгейін, мәтіннің оқырманның ұлттық болмыс әлеміне сәйкес эмоция туғыза білуі тұрғысынан анықтауда *имманентті талдау әдісі;* қазақ мерзімді баспасөзіндегі тілдік құралдардың жиілігін, қолданыс аясындағы сандық-сапалық сипаттарын анықтау үшін *контент-талдау әдісі;*
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			қазақ мерзімді баспасөзінің әртүрлі кезеңдерінде қолданылған стандартты және әсерлі тілдік бірліктерді өзара салыстырып, олардың құрылымдық, стильдік өзгерістерін саралауда *салыстырмалы әдіс* өзара сабақтастықта қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация нәтижелері бойынша талдау жасалған, кестеге түсірілген. Қазақ мерзімді баспасөзіндегі тілдік құралдардың жиілігін, қолданыс аясындағы сандық-сапалық сипаттарын анықтау кезінде *контент-талдау компьютерлік технологияны* қолдану арқылы орындалған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Стандартты сөзқолданыс және әдеби тіл теориялары соңғы онжылдықта жарық көрген мерзімді баспасөз беттерінен жинақталған мысалдар семантикалық, тұлғалық, сөзжасамдық талдаулар арқылы таратылып, дәлелденді. Стандартты қолданыстардың ұлттық тілді дамытуға үлес қосатыны дәлелденіп, әсерлілік сипаты расталды.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер **нақты** және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны –229. Газет тілі, әдеби тіл, стандартты сөзқолданыс, эмоционалды тілдік бірліктерге қатысты ұлттық ғылым өкілдері А.Байтұрсынұлы, Р. Сыздық,

			М.Серғалиев, Н. Уәли, А. Алдаш, Г. Смағұлова, Б. Момынова, Д. Әлкебаева, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Есенова, Г. Солганик, М. Мәмбетова, Г. Үсенбаева, Ә Әбсаттар еңбектері, шетелдік зерттеушілерден: Дж. Fairclough, N. Chomsky, A. Bell, D. Tannen, J. Habermas, Г. Винокур, В. Костомаров, А. Васильев, Е. Земская, А. Сковородников, А. Чудинов, М. Кожина еңбектері негізге алынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қоса санда 229 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар лексикология, фразеология, әдеби тіл, медиалингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, сөзжасам т.б. тіл білімі салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына елеулі үлес қосады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу материалын қазақ тілінде қалыптасқан стандартты сөзқолданыстар сөздігін, жаңа сөздер сөздігін, тезаурус сөздігін жасауда, күрделі сөздер сөздігін жасауда, авторлық сөздер сөздігін жасауда, сөзжасамдық сөздіктерді толықтыруда пайдалануға болады. Жоғары оқу орындарының филология және журналистика мамандықтарына арналған *функционалды стилистиканың жалпы теориясы, коммуникативтік лингвистика, лингвостилистика, мәтін лингвистикасы, публицистикалық дискурс, тіл*
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			дамуының синхронды ерекшеліктері, прагмалингвистика, медиалингвистика сияқты пәндер бойынша лингводидактикалық базаны жетілдіруге, осы салалар бойынша білім беру жүйесін жаңа білімдермен толықтыруға үлес қосады. Публицистердің лингвистикалық білімін кеңейтеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертант зерттеуге қойылған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген, тұжырымдары нақты, бай материалмен дәйектелген. Жұмыста жинақталған 2000-нан аса сөзқолданыстар стандарттылық және әсерлілік тұрғысынан талдауға түскен. Диссертанттың «қазіргі қазақ мерзімді баспасөзі – билік пен халық арасындағы тиімді байланысты ұйымдастыратын, қоғам мүшелерінің ұлттық идеяға саналы көзқарасын қалыптастыратын және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтайтын және қадағалайтын коммуникативтік алаң» деп тануы – нақты көзқарас. «Мерзімді баспасөз тіліне талдау жасау, сөзқолданыстың стандарттылық сипаты мен сөз әсерлілігін тудыру мүмкіндіктеріне назар аудару ұлттық тілтанымдық зерттеулердің ұдайы назарында болу қажет» деген ұсынысы да – жаңа практикалық ұсыныс.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Академиялық жазылымға сәйкес мақсат-міндеттері, зерттеу әдістері дұрыс айқындалып, соған сәйкес ізденіс нәтижесі жүйелі жазылған. Міндеттерге сай тұжырымдар мен қорытындылар жасалған.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға		1. Стандартты сөзқолданыс мәселесі сөзжасам

	ескертулер		мәселесімен тығыз қарастырылуы шарт. Зерттеуде сөзжасаммен байланысы бар екендігі туралы жазылған еңбектерге сілтеме жасалғанмен, диссертацияда бұл бағытта ізденістер жүргізілуі керек еді. 2. Сонымен қатар стандартты сөзқолданыстардың тізбесін қосымша ретінде бергені жөн болар еді. Жинақталып, талдау жасауға негіз болған тілдік деректер жұмыстың маңызын арттыра түсер еді. Бұл ұсыныстар диссертациялық зерттеудің қазіргі мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді, болашақ зерттеулерін байытуға үлес қосады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысында төмендегідей мақалаларына сілтеме жасалған: 1. The Phenomenon of Loan Translation and Its Influence on the Processes of Standardization of the Terminology System of the Kazakh Literary Language // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15. – No. 3. – P. 860-868. https://doi.org/10.17507/tpls.1503.21 (Бірлескен авторлар: Aldash A., Aldasheva K., Islamova A., Kulmanov S., Seyitova B.); 2. Тілдегі стандарттылық және тілдік бірліктердің стандартталуы (проблеманың қойылысы) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2021. – № 1(75). https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.02. (Бірлескен авторлар: Алдаш А.); 3. Сөз байлығы және әсерлілік: мерзімді баспасөз тіліндегі синонимдердің қолданысы // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ»

			Хабаршысы журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2022. – №4 (67). https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.014 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.); Тілдік бірліктердің стандартталуы: стереотип, клише, штамп // «Тілтаным» журналы. – 2023. – №1 (89). – Б. 210-220. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-210-220; 5. The relevance and expressiveness of the word in modern written communication // «Тілтаным» журналы. – 2024. – №3. – Б. 74-185. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-174-185 (Бірлескен авторлар: Cetin I., Tleubayeva N.); 6. Қазақ ресми-іскери стилі: сипаттамасы, стандартты тілдік бірліктердің құрылымы мен мазмұны // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ» Хабаршысы журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – № 3 (74). https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.001 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.); 7. Stylistics of the Literary Word: the Results of Scientific Analyses and New Research Findings // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №3 (195). – Б.4-14. https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph01 (Бірлескен автор: Aldash A.); 8. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық тұжырымдамалары: қазақ сөзінің стильдік тезге түсуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филологиясериясы,–2025.–198(2).–Б.194-205. https://doi.org/10.26577/EJPh202519821 (Бірлескен автор: Алдаш А., Мухамеджанова Г.); 9. Литературная норма vs стандартный язык

			(на материале современного казахского литературного языка) // Вопросы гуманитарных наук. – 2021. – № 3.
			10. 2021. – С. 36-42. https://doi.org/10.25633/VGN.2021.03.02 (Бірлескен авторлар: Алдаш А.);
			11. Газет тақырыбының әсерлілігі және лексика-семантикалық ерекшеліктері // «Тілтаным» журналы. – 2022. – №1 (85). – Б. 100-111. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-1-97-106;
			12. The richness of speech and the effectiveness of the word (based on the material of the modern Kazakh literary language) // Proceedings of the International Conference “Process Management and Scientific Developments”. Birmingham, United Kingdom, October 13, 2021). Part 2. – P. 98-103. https://doi.org/10.34660/INF.2021.91.79.019;
			13. К вопросу о контекстуальной синонимии // СХС студенческий международный научно-практический конференция «Молодежный научный форум». – 2022. – №39 (190). – С.19-23.
			14. Тілдегі стандарттылық және әдеби тіл нормалары // «Жаһандану әлеміндегі ғылымның дамуы: Түркітану – Лингвистика – Филология» атты халықаралық конгресс жинағы. – Алматы, «Ел-шежіре» баспасы, 2024. – Б. 515-524. (Бірлескен автор: Тұрғынбаева Ж.);
			15. Мерзімді баспасөз тіліндегі көнерген сөздердің әсерлілігі. Journal of Turkic Civilization Studies (JTCS). – 2024. – Vol. 4(2). – P. 235-243. https://jtcs.manas.edu.kg/index.php/main/article/view/106
			16. The language of periodicals: standard and efficiency. SILK ROAD 3. International Scientific

			Research Congress. March 6-8, 2024. Samarkand, Uzbekistan. ISBN: 978-625-367-663-6. –116-117 p.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Сейдамат Әсел Қазбекқызының «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша дайындаған «Қазіргі сөзқолданыс: стандарттылық және әсерлілік (қазақ жазба коммуникациясының материалдары негізінде)» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры м.а. филология ғылымдарының кандидаты **Ғ.Б. Шойбекова**

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба